

1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жалға берілген мемлекеттік меншік объектілерін өткізу және тікелей мәлімді сату жөніндегі Нұсқаманы бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 8 мамыр N 354, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 8 мамыр N 183 БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 8 қазанда N 205 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Мәтінінде сөздер ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1997.08.04. N 386 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік мүлікті басқару
жөніндегі мемлекеттік комитеті
1996 ж. 8 мамыр N 354

Қазақстан Республикасының
Жекешелендіру жөніндегі
мемлекеттік комитеті
1996 ж. 8 мамыр N 183
Б і р л е с к е н қ а у л ы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 28 желтоқсандағы N 2721-ші заң күші бар Жарлығының 27-бабын іс жүзіне асыру және жалға алушылары шарт жағдайларын тиісті түрде орындап отырған, 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін жалға берілген мемлекеттік меншік объектілерін өткізу және тікелей мәлімді сату ресімдерін белгілеу мақсаттарында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті және Жекешелендіру жөніндегі департаменті қ а у л ы е т е д і :

1. 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жалға берілген мемлекеттік меншік объектілерін өткізу және тікелей мәлімді сату жөніндегі Нұсқама бекітілсін.
2. Мемлекеттік меншікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттер және жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттер жалгерлерге сатуға жататын объектілерді өткізу кезінде осы Нұсқаманы басшылыққа алсын.
3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаментінің әлеуметтік сала, мүлік және талдау бас басқармасы және Жекешелендіру жөніндегі департаментінің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жекешелендіру басқармасы екі апта мерзімде " Кейін сатып алу құқымен объектілерді жалға беру жөнінде тендер өткізудің реті

туралы Ереже" әзірлесін.<*>

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті Директорының орынбасары А.В.Смирновқа және Жекешелендіру жөніндегі департаментінің Директорының орынбасары Т.С.Сарабековаға жүктелсін.<*>

Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік мүлікті басқару	Жекешелендіру жөніндегі
жөніндегі мемлекеттік	мемлекеттік комитетінің
комитетінің Төрағасы	Төрағасы

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитетінің

1996 жылғы 16 шілдедегі N 497 өзгерту,

толықтыруларымен 1996 жылғы 8 мамырдағы

N 354 және Жекешелендіру жөніндегі

мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы

16 шілдедегі N 305 өзгерту,

толықтыруларымен 1996 жылғы 8 мамырдағы

N 183 Бірлескен қаулысымен

бекітілген

1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жалға берілген

мемлекеттік меншік объектілерін өткізу және тікелей

мәлімді сату жөніндегі

НҰСҚАМА

1. Жалгерлері ең кемі екі жыл бойы жалға алу шартын тиісті түрде орындап келе жатқан, мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитет немесе оның келісуімен осыған өкілеттік алған органдар 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жалға берген мемлекеттік меншік объектілері өткізуге және тікелей мәлімді сатуға ж а т а д ы .

2. Мемлекеттік тұрғын үй емес қорының:

- мемлекеттік және атқарушы өкімет органдарының, сот, прокуратура және басқаларының қарауындағы жалға берілген әкімшілік ғимараттар мен үй-жайлар;

- тарих пен мәдениет ескерткіштері ғимараттарындағы жалға берілген қызмет үй-жайлары сатып алуға жатпайды.

3. Айрықша халық-шаруашылық және әлеуметтік мәні бар, сондай-ақ ірі мүлікті кешендердің құрамына кіретін, жалға берілген объектілерді тікелей мәлімді сату құқын мемлекет мүддесін ескере отырып, жеке түрде Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті қарайды.<*>

4. Мемлекет қатысуындағы акционерлік қоғамдардың қарауындағы жалға берілген объектілерді сатып алу шаруашылық серіктестіктер туралы қолданыстағы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Тікелей мәлімді сату кезінде:

- жарғылық қорында мемлекеттік меншік үлесі 20 проценттен асатын шаруашылық серіктестіктер;

- Қазақстан Республикасының заң актілеріне немесе құрылтайшылық құжаттарға сәйкес, жүзеге асырылуының өзі объектіні сату жағдайы болатын қызмет түрлерімен айналысуға құқы жоқ заңды тұлғалар сатып алушы бола алмайды.

6. 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін жалға берілген, жалгерлері шарт талаптарын тиісті түрде атқарған және тікелей мәлімді сатуға жататын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттер жасайды және бекітеді.

7. Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитет жалға берілген объектіні кейін сату үшін мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттен қабылдап алады. Сонымен бір мезгілде мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитет объектіні сатып алудағы құқы туралы жалгерлерге хабар береді.

8. Жалгердің объектіні сатып алуы шартты тиісті түрде орындап және жалдау ақысы мен коммуналдық қызмет жөнінде қарыздары болмаған жағдайда жүзеге асырылуға тиісті.

9. Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитет (бұдан әрі - Сатушы) сатып алу кезіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы 562-ші қаулысымен бекітілген "Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережеге" сәйкес тікелей мәлімді сатылатын объектіні бағалайды.

Объектінің сатылу құнына жер бөлігінің құны немесе жерді пайдалану құқы кіргізіледі.

10. Ақы төлеу, сатып алу-сату шарттарын хаттау реті және басқа да рәсімдер объектіні тікелей мәлімді сату туралы хаттамаға қол қойылған сәттен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің 1996 жылғы 22 ақпандағы N 60 қаулысымен бекітілген - Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде аукциондар ұйымдастырып, өткізу туралы ережеге сай белгіленеді.<*>

11. Тікелей мәлімді сатуды атқарудан туындайтын барлық даулар мен қайшылықтар сот арқылы шешіледі.

12. Төлем мерзімі өткен жағдайда Сатушы бір жақты түрде сатып алу-сату шартын бұзады және объектіні дереу аукционға қояды.

13. Осы Нұсқамада реттелмеген қалған барлық мәселелер Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы 2721-ші Заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының ағымдағы азаматтық заңына сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК